



БЕКІТЕМІН
 Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ
 «№ 21 қалалық емхана» КМК директоры
 Қабдиев Е.Ш.
 2023 жыл

**Баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен
 ДЗ және ММБ сатып алуды өткізу туралы
 ХАБАРЛАНДЫРУ**

Алматы қ.

04.08. 2023ж.

Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ "№ 21 қалалық емхана" КМК (Алматы қ., Көкжиек, 66) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 04 маусымдағы № 375 қаулысымен бекітілген «Тегін медициналық көмектің келімі шеңберінде және (немесе) жүйеде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының" 95, 96-тармақтарына сәйкес дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарлайды (бұдан әрі - Ереже).

№	Атауы	Сипаттамасы	Өлш. бір.	Саны	Бағасы	Сомасы
1	Віосал тығыздағыш цемент	2 грамм	шприц	5	5 700	28 500
2	Гаухар борлар (РосБел)	металл, шар тәрізді	блистер 10 данадан	20	2 200	44 000
3	Стоматологиялық инелер G27(0,4*35mm)	Стоматологиялық инелер G27(0,4*35mm)	Орамада 100 дана	3	2 310	6 930
4	Стоматологиялық инелер G30(0,3*25mm)	Стоматологиялық инелер G30(0,3*25mm)	Орамада 100 дана	12	2 310	27 720
5	Тістеу блоктары	Силикон	дана	4	2 600	10 400
6	Хлоргексидин билюканат ерітіндісі 100мл 0,05%	сұйықтық 100 мл	фл	5	300	1 500

7	Лидокаин 2%	2мл № 10	орама	10	500	5 000
8	Линкомицин 30%	1 мл № 10	орама	15	1 500	22 500
БАРЛЫҒЫ						146 550

Тауарлар мен қызметтердің жеткізiлуi тиiс мекенжайы: ҚР, Алматы қ., Жетiсу ауданы, Көкжиек, 66

Баға ұсыныстарын ұсынудың соңғы мерзiмi: 11 тамыз 2023 жыл сағат 14.00

Баға ұсыныстары бар конверттер 2023 жылғы 11 тамыз сағат 16.00-де келесi мекенжай бойынша ашылады: Алматы қ., Көкжиек, 66. 4-қабат
 Жеткiзудiң талап етiлетiн мерзiмi: **Тапсырыс берушiнiң өтiнiмi бойынша Тапсырыс берушiнiң өтiнiмi келiп түскен күннен бастап.**
 Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: 386-36-15

Әлеуеттi өнiм берушi баға ұсыныстарын ұсынудың соңғы мерзiмi аяқталғанға дейiн мөрленген түрде бiр ғана баға ұсынысын ұсынады. Конвертте Денсаулық сақтау саласындағы уәкiлеттi орган бекiткен нысан бойынша баға ұсынысы, Тапсырыс берушi немесе сатып алуды ұйымдастырушы белгiлеген мерзiмдерде рұқсат беру органдары лицензиялау немесе рұқсат беру рәсiмi арқылы жүзеге асыратын қызметтi немесе әрекеттердi (операцияларды) жүзеге асыруға жеке немесе заңды тұлғаның құқықтарын растайтын рұқсат, сондай-ақ ұсынылатын дәрiлiк заттардың және (немесе) медициналық бұйымдар осы Қағидаларда белгiленген талаптарға, сондай-ақ 4-тарауда фармацевтикалық көрсетiлетiн қызметтердiң сипаттамасы мен көлемi көрсетiлетiн.

Жеңiмпаз Тапсырыс берушiге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға жеңiмпаз деп танылған күннен бастап күнтiзбелiк он күн iшiнде бiлiктiлiк талаптарына сәйкестiгiн растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

1) фармацевтикалық қызметке және (немесе) есiрткi құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметтi жүзеге асыруға тиiстi лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткiзу жөнiндегi қызметтiң басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның, не "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған (жiберiлген) электрондық құжат түрiндегi көшiрмелерi, олар туралы мәлiметтер мемлекеттiк органдардың ақпараттық жүйелерiнде расталады. Мемлекеттiк органдардың ақпараттық жүйелерiнде мәлiметтер болмаған жағдайда, әлеуеттi өнiм берушi "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" заңға сәйкес алынған фармацевтикалық қызметке және (немесе) есiрткi құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметтi жүзеге асыруға тиiстi лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткiзу жөнiндегi қызметтiң басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырған көшiрмесiн ұсынады.

2) заңды тұлға құрмай кәсiпкерлiк қызметтi жүзеге асыруға құқық беретiн құжаттың көшiрмесi (кәсiпкерлiк қызметтi жүзеге асыратын жеке тұлға үшiн);

3) заңды тұлғаны мемлекеттiк тiркеу (қайта тiркеу) туралы анықтама, жеке куәлiктiң немесе паспорттың көшiрмесi (кәсiпкерлiк қызметтi жүзеге асыратын жеке тұлға үшiн);

4) заңды тұлға жарғысының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, онда акцияларды ұстаушылар тізлімінен үзінді көшірме немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе сатып алу жарияланған күннен кейін құрылтай шартының көшірмесі ұсынылады);

5) "Электрондық үкімет" веб-порталы немесе "Салық төлеуші кабинеті" веб-қосымшасы арқылы алынған, мемлекеттік кіріс органдарында есепке алу жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

6) осы әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтындығы туралы Қазақстан Республикасы салық органының анықтамасының түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмесе).

Фармацевтикалық қызметтерді сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші бірлесіп Орындаушыға осы тармақта көзделген құжаттарды ұсынады. Жеңімпаз біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда баға ұсыныстары тәсілімен сатып алудан өтпеді деп танылады.